«№82 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

# «Тәлімгерлік – сапалы білім мен кәсіби дамудың негізі» атты тәлімгерлер апталығының жоспарына сай өткізілген «Жас ұстаз-жаңа серпін» интеллектуалды сайыстың жоспары, есебі

**Жауапты тәлімгерлер**: Тобағабылова Ж.С.
Мырзагарина Н.М.

**Өткізілген күні:** 17.12.2025 ж

2025-2026 оқу жылы

Тексерілді____________________

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп: | №82 жалпы білім беретін орта мектебі | |
| Педагогтің Т.А.Ә.(болған жағдайда) | Тобағабылова Ж.С, Мырзагарина Н.М. | |
| Күні: | 17.12.25 | |
| Қатысушылар: жас мамандар | Қатысушылар | Қатыспағандар саны |
| Сабақ тақырыбы: | «Жас маман-жаңа серпін» интеллектуалды ойыны<br>Жас мамандармен жұмыс | |
| Сабақтың мақсаты: | Ұжымда жас мамандар арасынан интеллектуалды сайыс өткізіп, олардың белсенділіктерін танымдық коммуникативтік құзіреттіліктерін анықтау. Жас мамандардың бір-біріне деген сенімділік ахуалы қалыптасып,ұжым арасындағы қарым-қатынасы дамыта түсу болып табылады. | |

**Сабақтың барысы**

| **Ойын кезеңі/ уақыт** | **Жас маман мектебі жетекшісінің іс әрекеті** | **Жас мамандардың әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| басы<br><br>Интеллек-туалды ойынның ортасы | **Психологиялық ахуал**<br><br>**”Ерекше амандасу” тренингі**<br>**Мақсаты:** мұғалімдер арасында қарым - қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш қуат жинау, өзін - өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу.<br><br>**Интеллектуалды ойын ережелермен таныстыру:**<br>1. «Қызықты quiz»<br>2. «Сурет – салат»<br>3. «Сөз – кезек»<br>4. «Таптым-ау сені»<br>5. «Сиқырлы сөздер»<br><br>**1 тур: «Қызықты quiz»**<br>**Нұсқаулық**: 12 тақырып бойынша ұяшықтарда қызықты сұрақтар қойылады. Сұрақтың жауабын, жауап бастырмасын басу арқылы бейнероликпен тексеріледі. Дұрыс жауабын тапқан топқа 10 балл қойылады.<br><br><br><br><br>**2 тур: «Сурет - салат»**<br>**Нұсқаулық**: Берілген үш суретті біріктіріп, ортақ сөзді табу. Ортақ сөз зат есім, сын есім, етістік, сан есім болуы мүмкін. Дұрыс жауабын тапқан топқа 10 балл қойылады. Егержауап қате болса, келесі т оп жауап беру мүмкіндігін алады.<br><br>**Жауаптары**: Иіс, алты, саркыт, басу, ашылу, ыстық, саяхат. | Ерекше іс-қимылдар арқылы амандасу<br><br>Тақырып бойынша ұяшықтарды таңдап, жауап береді.<br><br>Берілген үш суретті біріктіріп, ортақ сөзді табады. | Нұсқау карточкалары<br><br>2 слайд<br><br>3 слайд |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Интеллек-<br>туалды<br>ойынның соңы | **3 тур: «Сөз кезек»**<br>**Нұсқаулық**: Берілген екі суретті біріктіріп, адамның атын, тұрақты сөз тіркесін, кітаптың атын немесе киноның атын табу керек.<br><br>**Жауаптары**: Айдос, көзбояушылық, Райхан, жылан жалағандай, Жабайы алма, екі езуі екі құлағына жетті, Оян, қазақ!<br><br>**4 тур: «Таптым-ау, сені»**<br>**Нұсқаулық**: Ноталарда жасырылған жасанды интеллект арқылы жасалған кино туындыларды табу.<br>**Жауаптары**: «Қыз Жібек», «Келінжан», «Жау жүрек мың бала»<br><br>**5 тур: «Сиқырлы сөздер»**<br>Әр топқа тапсырмалар беріледі.<br>1-топ және 2- топ: сөздерден мақалдар құрастыру.<br>3-топ: сөздерді табу және оны орысша, ағылшынша аудару.<br><br>Қорытындылай келе, топтардың ұпай сандары есептеліп, жеңімпаз топты анықтау.<br><br>**Кері байланыс: «PADLET» тақтасы** арқылы өткізілген интеллектуалды ойын туралы пікірлерін білу.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>• Жас мамандардың көңіл-күйлері көтеріледі,кәсіби шеберліктері шыңдала топтық жұмыс жүйесі жетіле түседі;<br>• Жас мамандардың бір-біріне деген сенімділік ахуалы қалыптасып, ұжым арасындағы қарым-қатынасы дами түседі;<br>• Педагогтардың танымдылық, коммуникативтік құзіреттіліктері анықталады. | Берілген екі суретті біріктіріп, адамның атын, тұрақты сөз тіркесін, кітаптың атын немесе киноның атын табады.<br><br>Ноталарда жасырылған жасанды интеллект арқылы жасалған кино туындыларды табады<br><br>Мақал құрастырады, сөздерді тауып, ағылшынша, орысша аудармасын табады<br><br>Дипломдармен марапатталады | 4 слайд<br><br>5 слайд<br><br>Баклашка, стақандар<br><br>Дипломдар |

**«№82 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ**

**«Тәлімгерлік – сапалы білім мен кәсіби дамудың негізі» атты тәлімгерлер апталығының жоспарына сай өткізілген «Жас ұстаз-жаңа серпін» интеллектуалды сайысының есебі**

**Мақсаты:** Ұжымда жас мамандар арасынан интеллектуалды сайыс өткізіп, олардың белсенділіктерін танымдық коммуникативтік құзіреттіліктерін анықтау. Жас мамандардың бір-біріне деген сенімділік ахуалы қалыптасып,ұжым арасындағы қарым-қатынасы дамыта түсу болып табылады.

**Өту барысы:** Мұғалімдер арасында қарым - қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш қуат жинау, өзін - өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу мақсатында «Ерекше амандасу» тренингі өтті. Жас мамандар ойын арқылы 3 топқа бөлінді. Әр топ өз атауын, ұранын айтты. 1-топ: Серпін, 2-топ: Queen, 3-топ: Жастар деп аталды. **1 тур: «Қызықты quiz»** 12 тақырып бойынша ұяшықтарда қызықты сұрақтар қойылды. Сұрақтың жауабын, жауап бастырмасын басу арқылы бейнероликпен тексерілді. Дұрыс жауабын тапқан топқа 10 балл қойылады. **2 тур: «Сурет - салат».**Берілген үш суретті біріктіріп, ортақ сөзді тауып, ортақ сөз зат есім, сын есім, етістік, сан есім болды. Дұрыс жауабын тапқан топқа 10 балл қойылды. Егержауап қате болса, келесі т оп жауап беру мүмкіндігін алды. **3 тур: «Сөз кезек»** Берілген екі суретті біріктіріп, адамның атын, тұрақты сөз тіркесін, кітаптың атын немесе киноның атын табады. **4 тур: «Таптым-ау, сені»** Ноталарда жасырылған жасанды интеллект арқылы жасалған кино туындыларды тапты. **5 тур: «Сиқырлы сөздер»** Әр топқа тапсырмалар берілді. 1-топ және 2- топ: сөздерден мақалдар құрастырды .3-топ: сөздерді тауып, оны орысша, ағылшынша аударды. Әділқазылар қорытындылай келе, топтардың ұпай сандарын есептеп, жеңімпаз топты анықтады. Барлық жас ұстаздар 1,2,3 дәрежелі дипломдармен марапатталды. Жас мамандар **PADLET» тақтасы** арқылы өткізілген интеллектуалды ойын туралы пікірлерін білдіріп, кері байланыс берді.Интеллектуалды сайыс жоғары деңгейде тартысты, мазмұнды өтті. Сайыс барысында жас ұстаздар өздерінің терең білімін, тапқырлығын, шығармашылық ізденісін және кәсіби шеберлігін көрсетті. Интеллектуалды сайыс өз мақсатына жетіп, мектептің инстаграмм парақшасына жарияланды.

Жауапты тәлімгерлер: Тобағабылова Ж.С.

Мырзагарина Н.М.


ЖАС ҰСТАЗ
—ЖАҢА
СЕРПІН


Серпін










2-Тур
«Сурет-салат»


ТУР
QUIZ»

